

**Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі № 324 "Мұғалжар ауданы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғаларының қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 81 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 наурызда № 5337 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 16 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі № 324 "Мұғалжар ауданы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғаларының қосымша тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-108 болып тіркелген, 2009 жылғы 18 қарашада "Мұғалжар" газетінде жарияланған) қазақ тіліндегі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е.Данағұлов*